

Іздеген дүниенді, адамыңды интернеттен тауып алатын заманның журналистеріміз. Ал осының бірі де жоқ уақытта газет жұмысы қалай жүрді, ахуалы қандай болғанын білмек болып, көнекөздерімізді іздеген едік. Өмірінің он бір жылына «Қазақ әдебиетін» серік еткен жазушы Дидахмет Әшімханға жолыққанымызда, өзі қызмет еткен жылдары жүргізген күнделігі бар екенін айтқан. Сексен жылдықтың қарсаңында «өткен күннің бір белгісіндей» болған күнделік беттерін газетімізге басуға арнайы өтініш жасаған едік.

## Дидахмет Әшімхан

### **Күнделік беттерінен**

(«Қазақ әдебиеті» – 1981-1991)

## Дидахмет

### **15 апрель. 1981 жыл.**

Қазақстан жазушыларының сегізінші съезі ашылды. Ашқан – Ғабит Мүсірепов. Қонаев, Шестаков, Камалиденов, Аухадиев, Имашев қатысып отырды. Есепті баяндаманы Жзаушылар одағының бірінші секретарі Жұбан Молдағалиев жасады.

Жазушылар съезіне бұл менің тұңғыш қатысуым. Сондықтан да іштегі бір мақтаныш сезіммен сөйлегендердің әр сөзіне, отырғандардың әр қимылына жіті қараумен болдым. Сексенге тақап қалса да Ғабеннің сөзі де, өзі де әлі тың екен. Тек жиналысты басқарып отырып, президиумға адам сайламас бұрын есепті баяндамаға Жұбанды шақыруы жұртты ду күлдірді. Бір қатар артта отырған Қонаевтың өзі де күліп жіберді.

Қонаев өзін тым қарапайым ұстап отырды. Үстінде – қаракөк қостюм, көк галустук. Сөйлегендерге құлақ тіге отырып, жаңындағы Шестаковпен де еркін әңгіме құрды.

Қалтай Мұхамеджановтың баяндамасы өте әсерлі шықты. Сөзі тым өткір, әрі юморлы екен. Бір жазушыға мінездеме бергенде «қара судан қаймақ алып, піскен жұмыртқадан балапан суыратын адам» дегенде жұрт күлгенде көздерінен жас ақты. С. Досанов пен С. Ғаббасовты қатты сынады. Әділ сынады. Съезге Мархабат Байғұтов келіпті. Біраз әңгімелестік. Үзілісте Құрманғазымен сөйлестім. «Қызғыш құс» кітабындағы «Жалғыз салт атты» повесі жөнінде пікірімді айттым. Ұнамағанын астарлап, ептеп жеткіздім. Ол өз перзентін аздап қорғағысы келді. Бірақ мені түсінген болар. Сөзіне қарағанда қатты еңбектенетін көрінеді. 30 баспа табақтық кітап аударып жатқан көрінеді. «Уақытымның бәрін сол жеп жатыр» дейді. Тек соңғы уақытта ғана 1200 сағаты осы кітапқа кетіпті. Бұл тозақтық азап қой.

### **28 октябрь. 1981 жыл.**

Екі-үш күннен бері К. Паустовскийдің «Золотая роза» повесін оқып жатырмын. Расымды айтсам, осыны бұрын неғып оқымағаным өкінемін. Қандай үлкен жүреппен, сезіммен, біліммен жазылған дүние бұл! Повесть болғанда өзінде не фабула, не сюжет жоқ, әншейін автордың творчестволық еңбек, творчество адамдары жөнінде толғаныстары ғана. Бірақ кәдімгі көркем шығармалардан артық болмаса бір де кемдігі жоқ. Менімше, қолына

калам ұстаған әр адам бұны оқып шығуы керек. Бір қызығы, жазушының көп ойлары менің пікірлеріммен үндес, ұқсас келеді екен. Екіншіден, өз бойымдағы кейбір ерекшеліктерді де алғаш рет осы повесті оқығанда сезіндім. Творчество адамына, оның ішінде талантты жазушыға тән қасиеттер менің де бойымда бар екен. Бүгінге дейін өз басым көркем прозаның қарапайымдылығын, әуезділігін, ырғақтылығын жоғары бағалаушы едім. Байқасам, шын таланттардың көбі осы қағиданы ұстаған екен. Демек менде талант болуы әбден мүмкін. Және қандай шығарма жазбас бұрын өзім сол шығарманың табиғатына сай көңіл-күй іздейтінмін. Оны тапқан, дұрысында сондай күйге түскен кезімде әлгі шығарманың ырғағы да табыла кететін. Бұл жазушы үшін ең керекті қасиет сияқты. Менде қиналып жазу бар. Осы қиналып жазудың өзі талғампаздықтан туса керек. Ал талғам бар жерде талантты шығарманың тууы заңды. Тез жазам деп мақтанатындардың шығармасының шыңға шығып кеткенін әлі көргем жоқ. Ондай шығарманы тез жазсам, мен де жазатын секілдімін. Сөз жоқ, жазамын да. Мәселен бір жақсы көретін ағам бірде: «бір күнде отыз бет аудардым» деп келгені бар. Әрине, мен оның аудармасын оқығам жоқ, бірақ керемет болмасын сеземін. Өйткені оның бұрынғы дүниесінен тәуір ештеңе оқи алмадым. Мүмкін бұл ағам ол шығармаларын да өстіп тез жазған шығар.

Француз әдебиетінде ең қиналып жазғандардың бірі Гюстав Флобер, орыстан Лев Толстой. Бірақ екеуі де ұлы жазушылар. Оларды ұлылық биігіне көтерген де сол қиналып жазғандығында болар. Демек, қиналудан қашудың керегі аз сияқты. Мен үш күннен бері үш-ақ бет аударма жасап, қазір ғана біттім. Не ол көркем шығарма емес, не ол менің атымнан шығар дүние емес. Әншейін М. Зверевтің аңшылық жайындағы мақаласы. Бірақ мен оны: «Бұл мақала ғой. Маған не абырой, не пайда бар?» деп, сүйкете салуға дәтім жетпей-ақ қойды. Неге екенін білмеймін, өзімдікі болсын, басқанікі болсын, бір сөйлем жазсам да әрлеп жазғым келеді де тұрады.

Жексенбі күні (25 окт) күні бойы отырып, медицина ғылымының докторы Естөре Оразақовтың мақаласын қайта жазып шықтым. Кеше өзі оқып алып: «Жазғанымды тым шұнтитып жіберіпсің» деп ренжиді. Япырау, сол оның «жазғаны ма» еді, менікі емес пе. Онікі тек фамилиясы емес пе. Ал бүгін мақаласын екінші рет оқып болып, кетерде пайдаланған үш кітабымды сұрағанда, мен бермедім. Ол: «Бала, өзің бір сараң екенсің» деп шығып жүре берді. Мақаласын жазып бергенде, алған рахметім осы.

Жаңа Шерхан телевизордан сөйледі. Қазақ әдебиеті жөнінде айта келіп, биыл шыққан материалдардың ішінен екі-ақ мақаланы атап өтті. Ол менің «Парақорларым» мен «Жалғыз бала» очеркім. Ар –ұят пен үлкен қиналыспен жазған материалдарымның бұл да болса жемісі.

## **1 январь. 1982 жыл.**

Өз ғұмырымда талай есте қаларлық күн өткіздім десем, соның бірі бүгін болды. Мен бүгін басшы адам қандай болу керектігін де алғаш білген сияқтымын. Әңгіме Шерағаң жайында, өзіміздің редактор Шерхан Мұртазаев

жайында. Сол кісінің бастауымен бүгін бүкіл коллектив боп, коллектив семьясымен боп, жаңа жылдың алғашқы күнін «Отырар» ресторанында өткіздік.

Шерағаң кеш бойы төрде отырып, отырысты қыздырумен болды. Өзіне көңілді болған аса жарасады екен. Алыс төрде отырса да кімнің қандай күйде отырғанын да нақ сезеді екен. Кейбір қылымсып, бүге түскендерге: «Әй, неге ішпейсің? Тартып таста» деп күлдіріп те қояды. Бірінші антрактта фоэге шығып, бәріміз ән айттық. Мен «Әудемжерге» бастым. Жұрт риза боп қалды... Сосын екінші отырысқа шықпай жатып, залда әй кеп аңыраттақ-ау. Біраздан соң Шерағаң мені жанына шақырып алып: «Ән айт» деді. Сосын екеуіміз «Жеңешені» шырқадық. Енді бір уақытта өзі Қызырғалидің әйелімен қосылып, «Ғалиябануды» шырқады. Қысқасы, сол кеште біз Шерағанды тек басшы емес, үлкен жүректі адам екенін де таныдық.

### **24 февраль 1982 жыл.**

Әлкей Марғұланның үйінде болдым. Тұрған жерлері – Шевченко көшесі мен 8 март көшесінің қиылысындағы бір тып-тыныш тұйық тұс екен. Үшінші этажға көтеріліп, есіктің қоңырауын бастым. Үстіне сұрғылт халат киген, дөңгелек жүзді, 30-35-тер шамасындағы бір әйел адам бөлмеге кіргізді. Әлекеңнің Дәмелі деген қызы осы болар деп шамаладым. Мен онымен телефонмен бірнеше сөйлескен едім. Сол уақытта оның қазақша да тәп-тәуіп сөйлейтінін аңғарып қалғанмын. Киімімді коридордың бұрышында тұрған киім ілгішке ілдім де, Дәмелінің нұсқауымен залға кірдім. Осы сәтте есік қоңырауы тағы да шылдыр ете түсті. Сосын іле-шала бөлмеге 45-50-лер шамасындағы бір татар әйел кірді. Бұл Ғылым академиясында істейтін машинист әйел болып шықты. Қолында қолжазба салған жуан папка. Дәмелі залдың оң жағындағы, түкпірдегі есікке бас сұқты да: «Папа, саған адамдар келіп тұр» деді. Көп күттірмей-ақ әлгі бөлмеден еңкеңдей басып Әлекеңнің өзі де көрінді. Басында – жасыл мен ақшыл махер жіпті қоса тоқыған, жүні бұрқыраған тоқыма малақай. Қалың линзалы көзілдірігінің екі ұшынан жіп байлап, сол малақайын бастыра желкесінен тартып тастапты. Кеудесіне кигені – екі қатарлы қоңыр түйме таққан көнетоз тері желетке, қызыл-жасыл аралас шақпақты шатланка көйлек. Бұтында – екі жағында лямка жапсырған көкшіл трикотаж шалбар. Аяғында – замокты киіз бәтеңке. Машинист әйел онымен қос қолдап амандасып: «Әлеке, жұмысыңызды бітіріп әкелдім» деді. «Оның дұрыс болған екен» деп Әлекең папканы ақтарып көре бастады. Сосын әйелге тағы бір папка қолжазба беріп тұрып: «Ақшасын қазір аласың ба, әлде бәрін бітірген соң бірақ есептесеміз бе?» деді. Әйел жымыып: «Бүгінге дейін басқанымды қазір алып кетейін, ақша керек болып тұр» деді. Әлекең: «Қанша?» деді. Әйел: «52 сом» деп еді, Әлекең кабинетіне кіріп кетті де сұраған ақшасын әкеліп берді. Әйел оны алып шығып кеткеннен кейін, ол маған бұрылып: «Сен қандай жұмыспен келдің?» деді. Мен оған шаруамды айттым. Осы тұста сәл шегініс жасай кетейін. Бұдан бір ай бұрын жазушы Әнес Сараев бізге «Қобыланды батыр» жыры және тарихи

деректер» деген 17 беттік мақала ұсынған. Мен ол мақаланы ұнатып, бірден замредакторымызға (Ә.Жәмішев) бергем. Ол кісі көп шұқшып оқып, біраз жерін қысқартып, машинкаға қайта бастырған. Рас, сол уақытта мен ол кісіні: «Осы-ақ көлеңкесінен қорқа береді екен» деп жаратпай қалғанмын. Мақала машинкадан шыққан соң, редактор (Ш.Мұртазаев) оқып, тағы да көп күмән келтірді де: «Бұны Әлкей Марғұланға оқытып алу керек» деп маған қайта қайтарып беріп еді. Сол себепті кеше мен Әлекеңнің өзімен телефонмен сөйлесіп, бүгін баруға өтініш жасағанмын. Міне, енді сол жағдаймен келіп тұрмын.

Әлекең «Қобыланды жыры» және тарихи деректерді» қолына алып, сәл қарап отырды да:

– Бұның авторы кім? Жас адам ба? – деді. Мен Әнес Сараев жөнінде қысқаша айтып өттім. Сосын:

– Ақсақал, бұл мақаланы өзім оқып берейін, – дедім, жұмысты жеңілдеткім келіп.

– Оқысаң оқы, – деді Әлекең қарлыққан қартаң дауыспен. Үнінен «Сол не жазды дейсің» деген сынайды да байқап қалдым.

Бірінші беттің аяғына тақағанда, ол:

– Сонда бұл Мәлік Ғабдуллиннің айтқанына қарсы ма? – деді қолжазбаға шұқшыя түсіп.

– Қарсы. Кейінгі беттерде неге қарсы екенін дәлелдейді де, – деп қойдым мен.

Екінші беттің жартысына жеткенімде:

– Бұл өзі (Әнесті айтып отыр) тарихта екі Қобыланды болғанын біле ме екен? Әншейін бос далбасалауға болмайды ғой. Бірінші Қобыланды XII ғ. өмір сүрген. Қобда бойындағы «Қобыланды бейіті» дейтін бейіт соның бейіті. Ал жырдағы батыр Қобыланды – Қара Қыпшақ Қобыланды ХҮ ғ. тіршілік еткен. Ол Әбілхайыр ханның батыры. Мынауың сонда қай Қобыландыны шатастырып отыр? – деп Әлекең бір сәт наразылық білдіре бастады.

Мен мақаланы әрі оқи бердім. Қобыланды жайындағы О.Нұрмағамбетованың пікіріне жеткенімде, Әлекең:

– Оразкүлдің бұл ойы дұрыс, – деп бас шұлғыды.

Қысқасы, бұдан кейін ол басқа ғалымдардың ешқайсысының пікірін қолдағысы келмеді.

– Қарағым-ау, мынауың қият пен оғыз қыпшақтарды қатар қойғаны несі? Оғыз бен қыпшақтың өзі сол қияттан тараған ғой. Ал қият дегеніміз баяғы гүндер ғой. Ойға келгенді сөйлей беруге бола ма екен. Тарихқа ондай жорамал жүрмейді. Тарихқа дәлел керек. Дәлелсіз тарих – тарих емес, ол халықты алдау... Жә, ары оқышы, – деді сосын.

Әнестің айтуынша (дәлелдеуінше), қызылбастар – парсы емес, оғыздар еді. Оған айтар дәлелі – оғыздардың өңі сары болған, сақалдары қызғылт келген. Сондықтан да қыпшақтар оларды «Қызылбас» деп атаған.

– Оттапты, – деді осы тұста Әлекең күйініп. – Қызылбастардың парсы екендігі баяғыда дәлелденген.

Әлекең сондай-ақ, бұл мақаладағы Ақжол (Дайырқожа), Майқы би, Қотан жайындағы пікірлерге де қарсы болды.

– Мына жазып отырған адам Шәкәрімді оқымаған, – деді бір мезет.

– Ол қай Шәкәрім? – дедім мен.

– Құдайбердіұлы, – деді ол маған тік қарап, соны да білмейсің бе дегендей. – «Қазақ хандарының тарихы» деген кітабы бар ол кісінің. Кітапханада ол кітап бар. Соны оқымаған ғой. Оқуы керек еді.

Бір қызығы, Әлекең өзі қарсы болған тұстарды сызып таста деп отырды. Мен қолжазбаны бүлдіргім келмей күмәнді тұстарға сұрақ белгісін қойып, әрі жылжи берсем:

– Әй, мен сызып таста деген жерді неге сызбай отырсың? Осы мақаланы өзің жазған жоқсың ба өзі. Тіпті қолың бармайды, – дейді ол маған шұқшия қарап.

Қысқасы, екі сағат Әлекеңнің алдында отырып, оның «Шоқан туралы естеліктер» атты өз мақаласын алып, үйге қайттым.

### **9 февраль, 1983 жыл.**

Түстен кейін Шерағаң бәрімізді кабинетіне шақырып алып:

– Кеше біздің Қажыкеңді (Қажығали Мұқаметқалиевті) Орталық Комитеттің секретариатында бекітті. Бүгіннен бастап оны газетіміздің заңды түрде жауапты секретары деп біліңдер, – деді әдетінше ернін жымқыра түсіп. Сосын бізгі барлай қарай отырып:

– Ал енді жолдастар, Қажыкеңнің бұрынғы орны – проза бөлімі бос тұрғанын білесіңдер. Оған кім лайық? Арамыздан кім сол бөлімнің жұмысын алып жүре алады, – деді.

Мен ол орынға іштей «Сейітқазы (Досымов) баратын шығар», одан басқа кімді қояды деп жүргенмін. Сондықтан бірден:

– Сейітқазы лайық қой, аға. Очерк бөліміне ол кісінің біраз еңбегі сінді емес пе, – дедім. Шерағаң:

– Бұған қалай қарайсыңдар? – деп тағы да отырғандарғы көз тастады.

– Сейітқазы болсын.

– Сейітқазы лайық ол бөлімге, – деп шуласты бәрі.

– Ал оның орнына кімді ұсынасыңдар? – деді Шерағаң.

– Бергі жағындағы (Сейітқазының) мұртты лайық қой, – дедім мен Мұсаға (Рахманбердиев) қарап.

Бұны да жұрт мақұлдасты. Сөйтіп проза бөліміне Сейітқазы, очерк бөліміне Мұса меңгеруші болып тағайындалды.

Әрине бұларды біз тағайындағанымыз жоқ. Секретариатта да келісілген болуға тиіс. Бірақ біздің риза болғанымыз – Шерағаңның тактикасы еді. «Ана бөлімге анау, мына бөлімге мынау барады» десе де өз правасы өзінде еді ғой. Жаңағы тактикасымен коллективтің атмосферасына да бір көз жүгіртіп өткен сияқты.

### **11 февраль, 1983 жыл.**

Редколлегия мүшелерімен мәжіліс өткізілді. Оған сырттан Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Х.Ерғалиев, С.Мәуленов, Қ.Мұхамеджанов, Д.Исабеков, З.Қабдолов және Ц.К-ның бір өкілі қатысты.

Бірінші Қалижан сөйледі. Ұзақ сөйледі. Мәнді ештеме айтқан жоқ. Өзінің дауысы да анық емес екен. Менің жанымдағы Әбділда:

– Мына Қалижанның аузынан шыққан сөздің әрпі төңкеріліп түседі екен, – дейді.

– Алтынның арасынан сөз қалай шықсын, бәрін бітеп тастаған ғой, – дейді Қалтай.

Сырбай Мәуленов өз сөзінде арнау өлең жайында айта келіп:

– Мына Қалижанның баяғыда бір өлеңін оқыдым. «Социалистік Еңбек Ері, Ленин орденді аға шопан Пәленбаевқа» дегендей арнауы бар екен. Сонда ойлады, осы керек пе деп. Қалеке, сонда сіз сол шопанның бір қойын жеп кетіп, ақысын өлеңмен қайтарған жоқсыз ба? – дегенде бәріміз күлдік.

### **14 февраль, 1983 жыл.**

Целинаградтан жолым болмай қайтқан соң командировкамды ақтамақ болып, қалай да бір материал жазуды ұйғарғанмын. Сол ниетпен қаладағы балалар үйінен бір апта бойы фактілер жинағанмын. Осы фактілер бойынша екі күн үзбей жұмыс істеп, кешегі күні кешке «Көкектің күнәсі» деген социологиялық очерк жазып бітірдім. Бүгін машинкаға бастырғанда 13 бет шықты. Бастықтар қалай көрерін кім білсін, өзіме тәуір сияқты. Шерағаның қолына берейін деп едім, ол кісі түске дейін болған жоқ. Тегі ЦК-да жүрсе керек. Соңғы кезде өзі Үлкен үйге көп барып жүр, СҚ-ға редактор болып барады деген рас болмағай. Біз үшін ол әлі де «Қазақ әдебиетінде» жүре бергені жөн болар еді. Болмағанда, пәтер алғанша дегендей. Ол кетсе, орнына қандай адамның келерін кім білсін. Сейдахмет Бердіқұлов келеді дегендей өсек бар. Маған ол біртүрлі адам сияқты көрінеді де тұрады. Студент кезімде «Лениншіл жаста» бірер ай істегенімде біраз адамды танып қалғанмын. Соның бірі Сәкең ғой. Бірақ адалын айту керек, маған тиген залалы жоқ оның. «Тасқорым» деген әңгімемді 15 күннің ішінде шығарып бергенін әлі ұмытқам жоқ. Жалпы Сәкең менің творчествомды ұнататынын талай байқағам.

### **18 март, 1984 жыл.**

Гогольдің туғанына 175 жыл толуына байланысты газетке бір бет материал дайындадым. Негізінен Гоголь туралы замандастарының естеліктері. Аудардым. Осы біреулер аударманы бөрікпен қағып алатындай жеңіл көретіні несі екен. Әрқайсысы 100-150 жолдан тұратын 3 естелікті 3 күн аудардым. Бірақ көңілімнен шықты. Маған ең керекті осы. Өз фамилиям тұрған жерде қалай халтураға барасың. «Мезгіл өтіп барады, беу, қарағым-

ды» (мақала) әлі бітіргем жоқ. Тіпті қарағым келмейді. Зорланып жазған дүниенің жайы осы ғой. Өзің сүймеген дүниені өстіп амалсыз зорланып жазуға тура келеді. Дегенмен оны ертең қалайда бітіруім керек.

### **10 ноябрь (жұма), 1989 жыл.**

Бүгін Шерхан ағамыз «Соц. Қазақстанға» редактор болып ауысты. Сөйтіп 9 жыл 40 күн істеген «Қазақ әдебиетімен» қош айтысты. Ол кісі бұл газетке 1980 жылдың 1 октябрінде келген еді. Ол уақытта газеттің тиражы – 45 мың болатын. Биыл – 100, келесі жылы – 125 мыңмен шықпақшы. Ол уақытта (1980) «Қазақ әдебиетінің» гонорары – 800 сом еді, қазір – 1600. Бұның бәрінде Шерағанның табан ақы, маңдай тері, көзінің майы бар. Октавиан Август айтқандай «Риму нашел глиняным, оставил мраморным» дегені осы шығар. Қазақ тілінің мемлекеттік статус алуына да ол кісінің сіңірген еңбегін айтып жеткізу қиын.

Осы 9 жылда бұрын екінің бірі біле бермейтін, есіл еңбегі ескерілмей жүрген, ғалымдығын ғалымдардың өзі жете бағалай алмаған семейлік ғұлама Қайым Мұқаметқановты халыққа жеткізген, Манашты (Қозыбаев) Манаш еткен, Құлмат Өмірәлиев, Мекемтас Мырзахметов сынды азаматтарды нағыз ғалым ретінде танытқан, Орхон-Енисей жазбаларынан бастап араб әрпін оқып, жазуды үйретуге дейін ұзақ із салған «Қазақ әдебиеті» болса, бұл газетті қолынан жетелеп отырған Шерхан ғой.

Қ.Ә.-ге енді редактор кім болар екен? Оралхан қазір Шыңғыстайда. Шешесінің қырқын беруге кеткен. Меніңше, Шерағанның орынын баса алатын, ол салып берген жолды кеңіте бермесе тарылта түспейтін жалғыз журналист Оралхан болуға тиіс. Оның алғырлығына ұшқырлығына, кез келген автормен тіл табыса білетін саясаткерлігіне редакцияда ғана емес, Жазушылар одағында тең келетін адам жоқ екеніне сенімім зор. Бірақ біздің Одақтың басшыларына жұмыс істей алатын, халықтың қамын ойлайтын адам не керек. Оларға – «алаштың аты озғанша ауылдастың тайы озсын!». Өкінішке қарай, біздегі ұран сондай.

### **24 қыркүйек, 1991 жыл.**

Түстен кейін редакцияға Нығмет Ғабдуллин келді. Ол кісі бізге «Ғабит аға туралы» деген отыз беттік естелік ұсынған еді. Соның бірінші данасын сұраған едім, бүгін әкеліпті. Көп әңгімелестік. Бәрі де Ғабан туралы.

– Өте шыдамды адам, – дейді Ныхан. – Бұл жөнінде 3 әңгіме айтып берейін... 50-жылдардың басында Ғабан, Тәкең (Тайыр Жароков) және мен үшеуіміз Москваға пойызбен кетіп бара жаттық. Тәкең жолға шығар алдында: «Ғабиттің жанына орналаспа, өте көңілсіз болады» деген соң, мен Тәкеңнің купесінен орын алғам. Кешкілік вагон-ресторанда тамақ ішіп отыр едік, спортивный формамен Ғабан да келді. «Кофе ішейін деп едім» деп ол ышқырынан 1 сом алып, бөлектеу үстелге барып отырды. Артынша сол үстелге бір мас орыс келіп қисайды да, Ғабанды әй-шай жоқ боқтай бастады.



Ұзақ боқтады. Мен шыдай алмай орнымнан тұра беріп едім, Тәкең отыра тұр дегендей тіземді басып қойды. Ғабанды әлгі мас орыс әлі боқтап отыр. Ғабан үнсіз. Орыс боқтай түседі. Ғабан үндемейді. Ақыры кофесін ішіп болған соң, жұдырығын үшкірейте түйіп алып, әлгі орыстың кеудесінен ірей алдынан өтіп жүре берді. Бар қарсылық осы болды. Екінші рет бір жиналыс болып жатқанда (ол кезде Ғабан Жазушылар одағының прецедателі) Төлеужан Ысмайлов кіріп келіп: «Әй, Ғабит, мен енді 1-2 айдан кейін өлем. Мына қағазыңды өзің ал» деп, пенсия тағайындау жөнінде қол қойып, жазып берген қатынас қағазын Ғабанның бетіне лақтырып жіберді. Ғабан үндеген жоқ. Қағазды ақырындап жыртты да, жанындағы урнаға тастай салды. Үшінші оқиға мынау: Ғабан тағы бірде жиналыс жүргізіп отырғанда, Сафуан есікті ашты да: «Әй, Ғабит, сен қашан шығасың? Мен күтіп қалдым ғой» деді өктем үнмен. Ғабиден, Сәбит тағы басқа шалдар біртүрлі тіксініп қалды. Ғабит үндеген жоқ. Мен мұндай жүйкесі мықты адамды бұрын соңды көрмеген шығармын.

Нығмет аға бұдан басқа да біраз жайдың басын қайырды. Өзі көңілді отырды. Өйткені мен «естелігіне» өте жақсы пікір айтқанмын. Шындығында, естелік өте жақсы жазылған, тағылымды, қызықты дүние еді.